

**Бурабай ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет , спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № а-12 /775 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 4536 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № а-12/567 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 30.12.2015 № а-12/567 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 238 бабының 3 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31 бабының 2 тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет , спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 24 наурызда № 1-19-150 болып тіркелген, 2009 жылғы 2 сәуірде «Луч» аудандық газетінде, 2009 жылғы 2 сәуірде «Бурабай» аудандық газетінде жарияланған);

2) «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдары тізбесін белгілеу туралы» Щучье ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің

2009 жылғы 20 сәуірдегі № а-4/222 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 22 сәуірде № 1-19-153 болып тіркелген, 2009 жылғы 30 сәуірде «Луч» аудандық газетінде, 2009 жылғы 30 сәуірде «Бурабай» аудандық газетінде жарияланған);

3) «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдары тізбесін белгілеу туралы» Щучье ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № а-3/116 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 26 наурызда № 4045 болып тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірде «Луч» аудандық газетінде, 2014 жылғы 10 сәуірде «Бурабай» аудандық газетінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бурабай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданының әкімі*

*Т.Ташмағамбетов*

КЕЛІСІЛДІ

*Б у р а б а й*

*а у д а н д ы қ*

*мәслихаттың хатшысы*

*Ө.Бейсенов*

Бурабай

ауданы

әкімдігінің

2014

жылғы

4

желтоқсандағы

№ а-12/775 қаулысына қосымша

**Бурабай ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

б ө л і м м ең г е р у ш і с і ;

ә л е у м е т т і к ж ұ м ы с ш ы ;

2. Білім беру саласындағы мамандардың лауазымдары:

білім беру ұйымының барлық мамандықтарының мұғалімдері;

жалпы білім беретін, жоғарғы техникалық мектептің, кәсіби лицейдің, гимназияның, колледждің, училищенің, мектеп-бала бақша кешенінің, арнайы түзету ұйымдарының және барлық түрдегі және үлгідегі интернаттық ұйымдардың

директоры (бастық, меңгеруші);

мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі;

білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі мұғалімі;

алғашқы әскери даярлауды ұйымдастырушы-оқытушы, басшысы (оқу мекемесіндегі әскери басшы);

жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі, қосымша білім берудің басқа ұйымдары директорының (бастығының) ғылыми, оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелеу, тәрбие ісі бойынша орынбасары; педагог-психолог;

аға тәрбиеші, тәрбиеші (білім беру ұйымдарындағы); мектепке дейінгі балалар ұйымдарының музыкалық жетекшісі; оқу мекемесіндегі, оқу-тәрбиелеу, оқу-сауықтыру ұйымдарындағы аға басшы; оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелеу қызметімен тікелей айналысатын дене тәрбиесі бойынша нұсқаушы;

оқу-өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісі (білім беру ұйымдарындағы);

еңбек бойынша нұсқаушы (білім беру ұйымдарындағы); оқу-сауықтыру, оқу-тәрбиелеу орталығының (кешенінің) нұсқаушысы, әдіскері, тәрбиешісі, өндірістік оқыту шебері; өндірістік оқытудың аға шебері, шебері; білім беру ұйымының аға әдіскері, әдіскері (жоғары оқу мекемелерінен басқа);

музыкалық жетекші (мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарынан басқа), оқу-тәрбиелеу қызметімен тікелей айналысатын сүйемелдеуші, концертмейстер;

дене тәрбиесі-спорт ұйымдарының оқу-тәрбиелеу қызметімен тікелей айналысатын нұсқаушысы, нұсқаушы-әдіскері; кітапханашы;

медициналық медбике;

3. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары: мәдениет үйінің директоры;

клуб меңгерушісі;

ұжым жетекшісі;

мәдени ұйымдастырушы;

сүйемелдеуші;

кітапханашы;

4. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары: әдіскер-нұсқаушы.

